

"Өндірістегі жазатайым оқиғаларға байланысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 3 наурыздағы № 74-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 400-ө-м бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 26 қыркүйектегі № 8742 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 971 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 15.12.2015 № 971 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне
с ә й к е с **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Өндірістегі жазатайым оқиғаларға байланысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 3 наурыздағы № 74-ө бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5614 болып тіркелген, 2009 жылғы 8 мамырда «Заң газетінің» № 69 санында жарияланған) мынадай өзгерістер **енгізілсін :**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген өндірістік жазатайым оқиға туралы актінің **н ы с а н ы н д а :**

өндірістік жазатайым оқиға туралы актіні толықтыруға түсіндірмелерде:

ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

« Е с к е р т у :

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 326-бабының 4-тармағына сәйкес әрбір жазатайым оқиғаны тергеп - тексеру аяқталғаннан кейін жұмыс беруші үш күннен кешіктірмей зардап шеккен адамға немесе оның сенімді адамына жазатайым оқиға туралы актіні беруге міндетті, актінің бір данасы жұмыс берушімен тиісті шарттық қатынастары бар сақтандыру ұйымына, ал екіншісі - мемлекеттік еңбек инспекциясына жіберіледі.

Улану жағдайында актінің көшірмесі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органға **д а ж і б е р і л е д і » ;**

осы бұйрықпен бекітілген жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру
актісінің нысанында:

«кұрамында, _____

(Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының атауы немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі) бұйрығымен тағайындалған комиссия» деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«кұрамында, _____

(Еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органның, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының атауы немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі) бұйрығымен тағайындалған комиссия».

2. Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті (К.Ө. Санабаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін, оның заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитеті (А.Ә. Сарбасов) осы бұйрықты облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың еңбек жөніндегі жергілікті органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е.Қ. Егембердіге жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Т. Дүйсенова